

ШЖҚ КМК «Геолог емханасының» жиналыш хаттамасы №48

Атырау қаласы

19.12.2023ж

Тақырыбы: Сыбайлас-жемқорлық деген не, онымен күресу қағидалары

Семинар жүргізуші Туралиева Б.А.-зангер
Қатыскандар саны-37

“Сыбайлас-жемқорлық” деген түсінік мағнасына этимологиялық қарау мұны “парага сатып алу”, “пара” ретінде, “corruptio” деген латын сөзін алғып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ “corrumpire” түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бұлдіру, бұзу, закымдау, жалғандау, парага сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген.

Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайты.

КР “Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы” Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: “...мемлекеттік міндеттерді орындастын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен карастырылмаған мүліктік жайлышты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлышты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу”.

Сыбайлас-жемқорлықпен күрестің негізгі қағидаларына келесі жатады:

Баршаның заң және сот алдында тәндігі. Бұл қағиданы сақтау және жүзеге асыру сыбайлас-жемқорлықпен күресте өте маңызды. Өкінішке қарай, заңнаманы таңдан қолдану өте жиі кездеседі, ондайда заң біреу үшін бар, баскалар үшін жоқ. Жеке соттар, мемлекеттік қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері сондай-ақ сыбайлас-жемқорлыққа беттелген. Бұл қағиданың сақталуының кепілі азаматтардың өздерінің белсенділігі болып табылады—сыбайлас-жемқорлық үдерістерді БАҚ-та жариялау, оның ішінде БАҚ, бұқара өкілдерінің сот үдерістерінде болуы; өтініштерді прокуратураға, экономикалық және сыбайлас-жемқорлық қылмыспен күрес жөніндегі Агенттікке және басқа құқық қорғау органдарына беру.

Жеке және заңды тұлғалардың құқығы мен заңды мұдделеріне қатысы бар сұраптарды шешу процедурасын және кадр жұмысын, мемлекеттік аппарат құрылымын жетілдіру. Мемлекеттік бағдарламамен мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлік субъектілерінің өзара іс-әрекетінің накты құқықтық тәртіптеу формалары мен механизмдерін жүзеге асыру, сондай-ақ сот шешімдерін қабылдаудың мөлдірлігін және олардың дер кезінде

орындалуына ықпал жасау карастырылған. Заңға сәйкес аталған қағидалар:

- мемлекеттік функцияларды орындауға өкілдеп;
- лауазымды, сондай-ақ олардың қатарына жататын басқа адамдардың құқықтарын және еркіндігін КР Конституциясының 39 бабы 1 тармағына сәйкес шектеу;
- жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мұдделерін қалпына келтіру, сыбайлас-жемқорлық құқық бұзушылықтың зиянды салдарын жою және алдын алу;
- сыбайлас-жемқорлық құқық бұзушылықпен күреске ықпал жасайтын азаматтардың жеке қауіпсіздігін;
- кәсіпкерлік қызметке бакылау жасайтын жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік реттеу өкілдігін беруді болдырмау. Сыбайлас-жемқорлық бірталай экономикалық заңдардың іс-әрекетін төмендетеді және әлемдік қауымдастық алдында елдің беделін түсіреді, оған тиімді шетел инвестиция жолында басты кедергі болып табылады. Адал және әлеуметтік бағытталған бизнес нарықтан ысырылады, себебі сыбайлас-жемқорлық мұндай бизнесті тиімсіз етеді. Сыбайлас-жемқорлық әсіресе мемлекеттік билік органдарында қауіпті.

Мұндай жағдайда ол биліктің монополиясын, мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдау өкілеттігін күшейтеді және шенеуніктердің қатал құқықтық есеп беруін және бақылауда болуын жою симбиозын көрсетіп-білдіреді.

Практика көрсеткендей, сыйбайлар-жемқорлық мемлекеттік жүйенің барлығын бұзады, мемлекеттік билік беделінің және мемлекеттік қызмет абырайның құлдырауына ықпал етеді. Сыйбайлар-жемқорлық экономиканың дамуына кедергі жасайды және үйымдастырылған қылмыстың, әсіресе экономика саласында, өсуіне ықпал жасайды.

Қандай мемлекеттік органдар сыйбайлар-жемқорлыққа қарсы қызметті жүзеге асыра алады? Сыйбайлар-жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, болдырмау, алдын алу және өз құзыреті шенберінде оларды жасаған адамдарды жауапқа тарту прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекара қызметі, қаржы және әскери полиция органдарымен жүзеге асырылады. Аталмыш органдардың лауазымды адамдары заңнама белгілеген мерзімде іс, материал, хаттама жіберген адамға немесе органға жазбаша сыйбайлар-жемқорлық қылмыс, әкімшілік құқық бұзушылық туралы көрсетіп-білдіру жіберуге, оларды қарағаның нәтижелеру туралы хабарлауға тиіс.

Заңға сәйкес бұл органдар олардың құзырынан шығатын шараптар қабылдауға және жауапты мәмлекеттік лауазымда отырган адамдардың жасаған сыйбайлар-жемқорлық қылмысын анықтаған әр оқиға туралы құқық статистикасы және ақпарат органдарына деру мәліметтер жіберуге міндетті.

“Сыйбайлар-жемқорлықпен күрес туралы” Заңың 7 бабында сыйбайлар-жемқорлықпен күреске ықпал жасап жүрген адамдарды қорғауға келесі кепілдік бекітілген: сыйбайлар-жемқорлық қылмыс фактісі туралы хабар берген немесе басқаша бір тәсілмен сыйбайлар-жемқорлықпен күресуге ықпал жасап жүрген адам мемлекет қорғауында болады;

-сыйбайлар-жемқорлықпен күресуге ықпал жасап жүрген адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және тек қана прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, , ішкі істер, салық, кеден және шекара қызметі, қаржы және әскери полиция органдары, соттың сұрауымен заң белгілеген тәртібі бойынша беріледі.

Бұл ақпаратты жариялау заң белгілеген жауапкершілікке әкеліп соғады:

-қажет болған жағдайда сыйбайлар-жемқорлықпен күресетін органдар сыйбайлар-жемқорлықпен күресуге ықпал етіп жүрген адамның жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Куәгерлерді қорғау үшін, оның ішінде құқық бұзушылық туралы, мемлекет мемлекет бюджетінде жеке жолмен жазылған қомакты қаржы бөледі. Оның үстіне, ҚР экономикалық және сыйбайлар-жемқорлық қылмыспен күрес жөніндегі Агенттігінде сыйбайлар-жемқорлық туралы хабарлағандарды қорғау жөніндегі департамент іске кірісіп, ойдағыдай істеп жатыр. Егер қажет болған жағдайда, мұндай адамдарды физикалық қорғау, тіпті жасыру, тұратын орнын, аты-жөнін, тіпті түрін өзгертуге дейін. Қорғау жалған ақпарат берген адамдарға жатпайды.

Оның үстіне, “ҚР сыйбайлар-жемқорлықпен күрес туралы” Заңың 17 бабына сәйкес сыйбайлар-жемқорлықпен күрес жүргізетін органдар басқа мемлекеттік қызметші, құқық қорғау органдары қызметкере жөнінде жалған хабар берген мемлекеттік қызметші, құқық қорғау органдары қызметкере тәртіптік тәртіппен сыйбайлар-жемқорлықпен күрес жүргізетін органдары қорсетіп-білдіруімен жұмыстан босатылғанға дейін жазаланады. Мемлекеттік функцияларды орындауға өкілетті және оларға теңелген адамдардың қандай іс-әрекеттері сыйбайлар-жемқорлық үшін жағдай жасайды деп табылады?

“Сыйбайлар-жемқорлықпен күрес туралы” Заңың 12 бабына сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға өкілетті және оларға теңелген адамдардың іс-әрекеттері сыйбайлар-жемқорлық үшін жағдай жасайды деп табылады:

-заңсыз басқа мемлекеттік органдардың, үйымдардың қызметіне араласуы;
-өз қызмет өкілеттігін аталған адамдардың немесе олардың жақын туыстарының және жақындарының материалдық мүдделерін қанағаттандырумен байланысты сұрактарды шешкен кезде пайдалану;
-мемлекеттік және соған теңелген қызметке түскен және жылжыған кезде заң қарастырмадан басымдық беру;

-шешімді дайындаған және қабылдаған кезде заңды жеке тұлғаларға заңсыз басымдық беру;

-кім болса да кіріс алумен байланысты кәсіпкерлік және басқа қызметпен айналысады жүзеге асыруға кез-келген заңнамамен қарастырылмаған ықпал ету;

-мемлекеттік міндетті орындау кезінде алынған ақпаратты жеке немесе топ мүддесінде пайдалану, егер ол ресми таратылуға болмаса;

-жеке және заңды тұлғаларға заңнамамен беруге қарастырылған ақпаратты негіссіз бермеу, оны кешіктіру, жалған немесе толық емес ақпарат беру;

-жеке және заңды тұлғалардан заңнамамен қарастырылмаған ақпаратты талап ету; мемлекеттік және материалдық ресурстарды жеке үміткерлердің немесе қоғамдық бірлестіктердің сайлау корларына беру; жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қаралу және олардың құзыретіне енетін басқа сұрақтардың шешу тәртібін бірнеше дүркін бұзу; жоғарғы ресми адамдарға сыйлық беру және қызметтен тыс қызмет көрсету жасау, егер ол ырым жасау ишараты және қонақжайлышқ нормалар, сондай-ақ хаттамалық және басқа ресми іс-шараларды өткізгенде болмаса; жеке және заңды тұлғаларға олардың құқықтарын және заңды мүдделерін жүзеге асыруға ашықтан-ашық кедергі жасау; жеке және заңды тұлғаларға кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуге құзыретін беру мемлекеттік мәртебесі жок ұйымдарға мемлекеттік бақылау және қадағалау міндеттерін беру; жоғарғы немесе төменгі лауазымды адамдармен немесе олардан басқаша тәуелділермен ақшалай немесе басқа мүліктік сипаттағы құмарлы ойын ойнауға қатысу; Мемлекеттік міндеттер орындауга өкілетті немесе соларға тенелген адамдар өз мемлекеттік міндеттің орындағаны үшін ақшалай, қызмет көрсету және басқа формада ұйымдардан, жеке тұлғалардан сыйақы алса сыйлас-жемқорлық құқық бұзушылық болып табылады, егер басқаша ештеге заңмен қарастырылған болмаса. Сыйлас-жемқорлық қылмыстың салдарын жою бойынша қандай шаралар қолданылуы мүмкін? Заңға сәйкес мемлекеттік міндеттер орындауга өкілетті адамдар немесе соларға тенелген адамдар заңсыз байыған барлық жағдайда, сыйлас-жемқорлық құқық бұзушылық нәтижесінде алынған мүлік қайтарылуға жатады, ал заңсыз пайдаланған қызмет көрсету құны—мемлекет кірісіне қайтарылады.

Заңсыз алынған мүлікті өз өркімен қайтарудан немесе мемлекетке оның құнын төлеуден бас тартқан жағдайда қайтарып алу сот шешімі бойынша прокурор, салық қызметі немесе басқа мемлекеттік органдар және лауазымды адамдардың талабы бойынша жасалады. Сот шешім шығарғанға дейін өкілетті органдар құқық бұзушыға жататын мүлікті тәркілей тұрады. Егер мемлекеттік міндет атқарған адам немесе соған тенелген адам жұмыстан босатылғаннан кейін бұл талапты орындаудан бас тартса лауазым иесі немесе мұндай босату туралы шешім қабылдаған орган кінәлі адамның мекен-жайы бойынша заңсыз алынған кіріс туралы хабарды салық органына жібереді. Оның үстіне, сыйлас-жемқорлық құқық бұзушылық жасаумен байланысты келісімдер заң тәртібімен белгіленген бойда заңсыз деп мойындалады. Сыйлас-жемқорлық құқық бұзушылық нәтижесінде жасалған актілер органмен немесе лауазымды адамдармен мүдделі жеке тұлғалар немесе заңды тұлғалар, немесе прокурордың талабы бойынша күшін жояды.

Хатшы

Шампекова А.Е.